

Баланың физикалық және жүйке психикалық дамуын бағалау

Орындаған: Сарсенбаев Е.А

Астана 2016 ж

Баланың өсуі және биологиялық жетілуі – баланың физикалық және психикалық дамуы деп аталады.

Баланың физикалық дамуын бағалау үшін төмендегілер қажет:

- ❖ Антропометрия жүргізу.
- ❖ Центиль аймағында орнын анықтап, бағалау.
- ❖ Психикалық дамуын жасына байланысты бағалау.

Баланың физикалық дамуы дегеніміз оның жасына байланысты бойының және салмағының өсуі.

Физикалық дамуы қалыпты болуы және қалыс қалуы мүмкін.

1 жасқа дейінгі балаларды горизонтальды таразыда, 2жастан жоғары вертикальды таразыда жүргізеді

. 1-жасқа дейінгі балалардың бойын горизонтальды. 1 жастан үлкен балалардың бойын вертикальды бой өлшегішпен анықтайды.



ЖТБ бойы – 46-56 см.

Орташа ұлдардың бойы – 50,7 см, қыздардікі – 50,2 см.

I кварталда ай сайын 3 см өседі = 9 см

II кварталда ай сайын 2,5 см өседі = 7,5 см

III кварталда ай сайын 1,5 - 2 см = 4,5 – 8 см

IVкварталда ай сайын 1,0 см = 3 см



*Баланың бойын есептеу
формуласы:*

4 жасқа дейін $100+8(4-p)$ п –
жасы

4 жастан кейін $100+6(p-4)$ п
– жасы немесе

8 жастағы баланың бойы
130см. Әр жетіспейтін жылына
7 санына азайтамыз. Әр артық
жасына 5 см қосамыз.



1 айында – 600 гр. қосады.

2 айында – 800 гр

3 айында – 750 гр

4 айында – 700 гр

5 айында – 650 гр т.с.с.



Дене салмағын есептеу формуласы:

I - жарты жылдығында: $m + 800 \times n$

M – туылғандағы салмағы, n - айы

II – жарты жылдығында:

$(800 \times 6) + 400(n - 6)$ n – айы.

6 айлық бала салмақ – 4,800 қосады. 2-11 жаста $10,5 + 2n$, n- жасы.

12- 15 жаста $n \times 5 - 20$ n – жасы.





Бас айналымы ЖТБ – 34 -36 см (БА)

1 жасқа дейінгі есептеу жолы:

6 айда - 43 см. Әр жетпейтін айынан 1,5 см алады. Әр артық айына 0,5 см қосады.

2 – 15 жастағы балада:

5 жастағы баланың бас айналымы – 50 см. Әр жетпейтін санына 1 см азайтады. Әр артық санына 0,6 см қосады.

Keуде айналымы ЖТБ – 32 – 34 (КА)

1 жасқа дейінгі балаларда есептеу жолы:

6 айлық баланың КА – 45 см.

Әр жетпейтін айына 2 см азайтады. Әр артық айына 0,5 см қосады.

2 – 15 жастағы баланың КА:

10 жасқа дейін $63 - 1,5 (10 - n)$, n- жасы.

10 жастан кейін $63 + (n - 10)$, n- жасы.

10 жастағы баланың кеуде айналымы

Баланың физикалық дамуын дәлірек бағалау үшін центиль таблицаларын қолданады.



Денсаулық топтары.

Балалар денсаулығының жағдайына байланысты 5 топқа бөлінеді.

I топта денсаулығында ауытқулары жоқ, бақылау уақытында ауырмаған балалар.

II топта – жиі ауыратын балалар, морфологиялық жетілмегендігіне байланысты функциональды ауытқулары бар балалар.

III – V топта – созылмалы аурулары немесе ақаулары бар балалар компенсация, субкомпенсация, декомпенсация жағдайларында.

I топтағы балаларға келесі алдын алу шараларды жүргізіледі:

А – күн тәртібін сақтау.

Б – тамақтану рационын кеңейту.

В – шынықтыру

Г – егулер.

Д- календарлы диспансеризация

Е – лабораториялық тексерулер.

II – топтағы балаларға арнайы сауықтыру шаралары жүргізіледі.

III – V топтағы балалар диспансерлік есепке алынады. № 30 Форма толтырылады, педиатр және басқа мамандармен бақыланады.

Балалар психологиясының негізгі зерттеу компоненттері – балдырғанның психикалық дамуын, психикалық дамудың әрбір сатысының ерекшеліктерін, психикалық дамудың маңызды жағын, баланың бойындағы психикалық процесстер мен сапалардың, қабылдаудың, зейіннің, қиялдың, есте сақтаудың, ойлаудың, сөйлеудің, сезімдердің, мінез-құлықтың, еріктің, басқарудың бастапқы формаларының пайда болуы және жетілуі қарастырылады.

Психикалық дамудың негізгі көрсеткіштері

Нерв жүйесі барлық мүшелер мен жүйелердің қызмет бірлігін қамтамасыз етіп, организмның сырт ортаға бейімделуін реттейді. Жаңа туған баланың нерв жүйесі өз қызметін толық атқаруға жетілмеген және анатомиялық ерекшеліктерімен өзгешеленеді.

I. Бас миы үлкен, ол баланың өз салмағының $1/8$ бөлігіне тең, ересек адамдарда бұл көрсеткіш – $1/40$

II. Нерв жүйесі клеткалары суға бай, белок мөлшері аз болады

III. Ми айғыздары мен зоналары нашар нашар айқындалған.

IV. Мидың сұр заты ақ затынан айқындалып бөліндеген. Сұр зат нерв клеткаларына сай, ол жетілмегендіктен бала көп ұйықтайды (сөткесіне 20 сағатқа дейін), қорғансыз, қимыл қозғалыстары үйлесімсіз.



Баланың ұйықтау уақытын есептеу:

1 жасқа дейін $22 - \frac{1}{2} m$, m – айы

1 жастан жоғары $16 - \frac{1}{2} n$, n - жасы.

Қоршаған ортаны жас бала сезім органдары арқылы тани бастайды. Шартты рефлекс пайда болу үшін ми қабыршығының жетілуімен қатар сезім мүшелерінің жақсы дамуы шартты. *Олар, иіс тану, көру, сезу, есту, дәм түйсігі.*

Жаңа туған баланың *иіс тану қабілеті* жақсы дамыған. Әртүрлі иіске ол түшкіріп, бет әлпетін құбылтады. Нәрестенің туа салысымен көру қабілеті болады. Бірақ, көз қозғалысы үлеспеген және жиі қыли болып келеді. Бұл қылилық бала әртүрлі әсем жылтырақ заттарға көзін тіге бастағанда кетеді. 6 айдан бастап түрлі-түсті ажыратады.




Есту қабілеті. Туа сала нәресте тек қатты дыбыстарды естиді, 2 жұмадан бастап өз анасының дауысын ажырата бастайды, ал 6 айдан бастап дауыстың екпінін ажыратады: зекіп ұрысқанға жылайды, жылы сөзге күледі.


Дәм айыру қабілеті туғаннан бастап жақсы дамыған (қант қосқан суды жақсы ішеді).

Дене сезімі өте жақсы дамыған шымшу, түрту, жоғары температура тағы басқа факторларға тыжырынып, қозғалып, жылап жауап қайтарады. Баланың орталық нерв жүйесі тез қозғыш және тез тозғыш. Жаңа ортаға, жаңа жүздерге бала әсершіл болады, бірақ, біраздан кейін бала шаршап мазасызданып кетеді. Баланың бірқалыпты жайбарақат нерв жүйесінің қалыптасуы үшін сабырлы орта керек.






Психикалық дамудың жас кезеңдері. Мектеп жасына дейінгі баланың психологиялық дамуы ірқалыпты болмайды. Баланың туғаннан мектепке барғанға дейін кезеңін 3 дағдарыс кезеңге бөлген, яғни 1 жас, 3 жас және 7 жас.



Жас ерекшелік даму кезеңдеріне байланысты әртүрлі сол жас кезеңдеріне тән психикалық қасиеттер қалыптасады, сондықтан сол қасиеттерге сүйене отырып, жас кезеңдеріне топтастырады



. Туғаннан бір жасқа дейінгі кезең – нәресте жас кезеңі.

- Туғаннан 1 жасқа дейінгі кезең – нәресте жас кезеңі деп аталады. Нәресте жасы екі кезеңге бөлінеді:
- а) бесік жасына (туғаннан 7 айға дейін);
- б) еңбектеу жасы (7 айдан 12 айға дейін); 1-ден 3 жасқа дейінгі кез – сәбилік кезең деп аталады.
- Бұл кезде баланың тілі шығып, денесі нығайып, ойнай бастау мезгілі.
- 3-тен 6-7 жасқа дейінгі кез – мектепке дейінгі кезең. Бұл кезеңде қарапайым әрекеттің түрлерін орындай алады, ойынның рөлдік ойын түрі пайда болады.

- 6-7-ден 10-11 жасқа дейінгі кез – бастауыш мектеп жасы деп аталады.
- 11-15 жас – жеткіншектік жас кезеңі деп аталады. Бұл кезде бала психологиялық жағынан да, физиологиялық жағынан да үлкен өзгерістерге ұшырайды. Осы кезеңді қиын кезең деп те атайды.
- 16-17 жас – жасөспірімдік кезең деп аталады.
- 20-30 жас – жастық кезең деп аталады.
- 30-60 жас аралығы кемелдену кезеңі деп аталады.
- 60-70 жас кәрілік кезең және қартаю аралықтарын қамтиды.